

**ӘЛМЕРЕК АБЫЗ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ҰРПАҚТАРЫ**



# ӘЛМЕРЕК АБЫЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ



«Тоганай Т»  
Алматы 2019

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 Қаз)  
Ә 54

*Кітап «Әлмерек тарихи-мәдени қозғамдық қорының»  
қалдауымен жарыққа шықты.*

Ақылдастар аяқасы:

*Жарғынбаев Жанболат Әкебайұлы – төраға*

*Әбдібек Нұрлан Әбдуәлиұлы*

*Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы*

*Медеубек Сағатбек Медеубекұлы*

*Нұрмұхамбетов Ысқақ Молдалімұлы*

*Оразов Рашид Ешенұлы*

*Тілеубаев Шәмек Байнұлы*

Ә 54 **Әлмерек абыз және оның ұрпақтары:** мақалалар мен эсселер.  
Құрастырған – Нұрлан Әбдібеков – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы,  
2019 ж. – 396 б.

ISBN 978-601-7853-83-9 (4 кітап)

ISBN 978-601-7853-81-5

Жинақ үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімге Әлмерек абыздың туғанына 360 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ұлы дала тұлғалары. Тарихи сабақтастық» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары пайдаланылды. Екінші бөлімге осы күнге дейін Әлмерек абыз бен оның ұрпақтары туралы жазылған таңдаулы зеттеу-мақалалар енгізілді. Үшінші бөлім Абыз бен оның ұрпақтары туралы жазылғын жыр-дастандардан тұрады.

Жинақ ата-баба тарихына қызығушылық танытып жүрген көпшілік қауымына арналған.

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63,3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7853-83-9 (4 кітап)  
ISBN 978-601-7853-81-5

## БІРІНШІ БӨЛІМ

*Әлмерек Жанышқұлының туғанына 360 жыл толуына  
арналған республикалық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары*

- Койгелдиев Мәмбет Кұлжабайұлы*  
ӘЛМЕРЕКТІҢ ҚАРА ОШАҒЫ.....8
- Бексұлтан Нұржекеев*  
ГҮБІРНӘТІР ҚАЛПАКОВСКИЙ МЕН АЛБАН ТАЗАБЕК  
БАТЫР ЖӘНЕ ЖЕТІСУҒА ҰЙҒЫРЛАРДЫҢ ЖАППАЙ  
КӨШУІ.....11
- Талас Омарбеков*  
ӘЛМЕРЕК АБЫЗДЫҢ АРҒЫ БАБАЛАРЫ НЕМЕСЕ АЛБАН  
ТАРИХЫНА КІРІСПЕ .....24
- Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы*  
ҚАЗАҚ – ЖАУЫНҒЕР ҺӘМ БАТЫР ХАЛЫҚ .....36
- Бүркітбай Ғелманұлы Аяған*  
ӘЛМЕРЕК БАБА – ЖАУҒЕРШІЛІК ЗАМАН ТҰЛҒАСЫ.....47
- Нәбижан Мұқаметханұлы*  
ӘЛМЕРЕК ҰРПАҚТАРЫ. САУРЫҚ АЛПАРҰЛЫНЫҢ  
ОТАРШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІ.....51
- Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев*  
ӘЛМЕРЕК БАБА ЗАМАНЫ .....57
- Төлебаев Тұрғанжан Әбеуұлы*  
ӘЛМЕРЕК БАБА ҰРПАҚТАРЫ. АКАДЕМИК КАРЛ  
МОЛДАХМЕТҰЛЫ БАЙПАКОВ .....67
- Нұрпейіс Талдыбек Әліұлы*  
ЕРЛІКПЕН ӨТКЕН ҒҰМЫРЫ,  
БИЛІКТІҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ .....76

*Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі*

## **ӘЛМЕРЕК БАБА ЗАМАНЫ** (1658-1756)

**Қ**азақ Елі өзінің бірнеше мыңжылдық тарихында небір аумалы-төкпелі замандар мен дәуірлерді, қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткергені белгілі. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында өз тәуелсіздігін қолына алған Қазақ Елі соңғы 30 жылдай уақыт ішінде ғасырға тең келердей дәуірді басынан кешуде. Осы аралықтағы қазақ қоғамның руханилық бағытта дамуы көз алдымызда өтіп жатыр және осы үдеріске отандық тарихшыларымыз белсене араласуда. Билік те осы үдеріске кең қолдау көрсетіп отыр. Соның бір көрінісіне мемлекетіміздің отандық тарихқа деген ұстанымы мен саясатының ұлттық сипат алуы жатады. Тәуелсіздігіміздің соңғы 20 жылдай уақыты ішінде тек ұлттық тарихымызға тікелей қатысты Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалар жүзеге асырылып, ұлттық рухтың асқақтауына жол салса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың тамыз айында «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде осы бағытты нығыздай түсіп, тарихымыз бен тарихи тұлғаларымыз туралы былай деген болатын: «Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын... Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай, тағы басқа көптеген дара тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі, яғни біздің заманымыздың талабы. Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек» [1].

Аталған бағдарламалар мен мемлекет басшысының тарихқа қатысты сөздерін бір-бірімен байланыстырып, бір бағытта қарастырасақ, онда мемлекеттік саясаттың руханилық пен ұлттық тарихқа деген саясатынан сабақтастық пен жүйелілік ұстанымдарын көреміз. Жоғарыда аталған бағдарламаларды бір сөйлеммен тұжырымдап айтар болсақ, онда алғашқы «Мәдени мұра» бағдарламасы тарихшылардың зерттеу жұмыстарына деректік негіздер қалауға арналса, екінші бағдарламада тарихшылардың зерттеу жұмыстарына теориялық-әдістемелік негіз салып отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихшылар үшін нақты практикалық міндеттерді жүктейді. Ал «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарлама тарихшыларға қандай бағыттарда ізденістер жүргізуді бағыттайды және бүкіл қазақ жұртына тарихымыздағы қандай ұлы жетістіктерімізбен мақтануды, нені мақтанарымыз етуді нақты көрсетеді. Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы атқарылар міндеттердің біріне – «Туған жер» бағдарламасын жатқызып, ол жөнінде былай деп атап өткен еді: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Туған жердің әрбір сайы мен қыркасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [2].

Әр заманда еліне қорған болған тұлғалар тарихымызда жүздеп, мындап саналады. Біз оларды соңғы отыз жыл көлемінде ғана танып-біліп, халық жадында мәңгі есте қалдыру үшін қажетті шараларды атқарып жатырмыз. Сондай шаралардың бірі бүгінгі күні Әлмерек бабаға (1658-1756) арналып отыр.

Тарих ғылымындағы аса маңызды қағидалардың біріне «тұлғаны тану үшін оның өмір сүрген заманын білу керек» деген қағида жатады. Әлмерек бабаның өмір сүрген жылдары белгілі, олай болса, тұлғаны тану үшін оның заманына, яғни XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың орта тұсына дейінгі аралықтағы Қазақ Елінің тарихына үңіліп көрелік.

Әлмерек бабаның өмір сүрген заманы Қазақ хандығының дәуіріне жатады. Өзінің үш мың жылдық тарихында Қазақ Елі Сондай дәуірлер қатарына соңғы мыңжылдықта Алтын орда дәуірі, Қазақ хандығы дәуірі жатады. Бұл дәуірлердің ортақ белгілеріне сабақтастық және үздіксіздік принциптері бойынша мыңжылдарға созылған уақыт желісінде тек өзіне ғана тән тарихи, мәдени, рухани ортақ құндылықтарды қалыптастыруы мен оны дамытуы жатады. Сонымен қатар, аталған әрбір тарихи дәуірдің ел тарихында алатын өзіндік ерекшеліктері мен айрықша белгілері де бар. Уақыт жағынан алғанда бұл дәуірге XIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы енеді.

Ұлттық сипаттағы мемлекетіміз – Қазақ хандығының XV ғасыр ортасында тарих мінберіне көтерілген кезі мен XIX ғасырдың 20-шы жылдарының бірінші жартысында оның тарих көшінде қалған кезі – Хандық дәуір деп аталатын уақыт шеңберіне жатып, үш жарым ғасырлық уақытты қамтиды. Осы үш жарым ғасырлық тарихы бар Қазақ хандығы дәуірін өз ішінде саяси тарихтың өрбуіне қарай шартты түрде екі үлкен кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге хандықтың бір орталықтан басқарылып тұрған жылдардағы кезеңі жатса, Қазақ мемлекетінің бытыраңқылыққа ұшыраған жылдары екінші кезеңді құрайды. Керей мен Жәнібек хандар тұсынан Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі аралық – хандық дәуірдің бірінші кезеңі болса, одан кейінгі жылдары екінші кезеңі басталады.

Хандық дәуірдің бірінші кезеңіндегі, яғни XV ғасырдың орта тұсынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралықтағы дәуірді шартты түрде былайша кезеңдеуге болады:

- а) хандықтың құрылу кезеңі,
- ә) хандықтың күшею кезеңі,
- б) хандықтың уақытша әлсіреу кезеңі,
- в) хандықтың қайта өрлеу кезеңі,
- г) хандықтағы «текетірес» кезеңі,
- ғ) жоңғарлармен алғашқы күрестер кезеңі,
- ж) белгісіз жылдар кезеңі және
- з) «алтын ғасыр» кезеңі немесе Тәуке хан билік құрған жылдар кезеңі.

Тәуке ханнан кейін хандық дәуірдің бытыраңқылық кезеңдері басталады. Оның ішінде «Ақтабан шұбырынды», «Аңырақай», шартты түрдегі «Екінші Аңырақай», жоңғарлардан казак жерлерін азат ету жылдары бар. Әлмерек бабаның өмір сүрген жылдарына көз жүгіртсек, онда оның хандық дәуірдің соңғы екі кезеңі мен бытыраңқылық дәуірдің алғашқы төрт кезеңіне сәйкес келетінін көреміз.

Енді Әлмерек баба өмір сүрген заман қандай болды деген сауалға жауап беру үшін хандық дәуірдің кезеңдеріне назар салалық.

Жәңгір хан қаза тапқан 1652 жылдан Тәуке хан билікке келген 1680 жылға дейінгі 28 жылдық кезеңде хандық тарихында кімнің тақты иеленгені әлі анықталмаған. Сол себепті де біз шартты түрде осы аралықтағы жылдарды «белгісіз жылдар» кезеңі деп атаймыз.

Әлмерек баба өмірінің алғашқы жиырма екі жылдық кезеңі «белгісіз» жылдар кезеңінде өтеді. Осы кезеңдегі казак қоғамының ішкі саяси жағдайына көңіл аударалық.

1652 жылы Жәңгір ханның ұлдары 20 мен 30 жастың айналасында болатын. Ал Шығай әулетінен тараған хан тағына үміткерлердің өзі жетерліктей еді. Шығай ханнан Ондан сұлтан, Тәуекел хан, Есім хан, Шахмұхаммед сұлтан, Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрагим, Шәкім, Көмек, Абылай және Әбусейіт атты ұлдардың тарағаны белгілі. Осылардың әрқайсысында кем дегенде, 4-5 ұл болды дегеннің өзінде таққа үміткерлер саны 40-50 шамалас болар еді. Ал осылардың әрқайсысында тағы да 3-4-тен ұл болған десек, Жәңгір ханнан кейін тақты иеленуге құқысы барлардың саны 100 не 150-ге жететін. Тәуке солардың бірі және жас жағынан алғанда кішісі болатын. Жәңгір ханның ағасы Жәнібек ханның ұлдары және інісі Сырдақ сұлтанның өзі немесе ұлдарының да билікті иеленуге толық құқы болды. Өкінішке орай, сол тұстағы жағдайды көрсететін жазба деректер болмағандықтан, біз нақты тұжырымдар айта алмаймыз.

Ал Шәкәрімнің еңбегіндегі осыған қатысты материалдардан, біз Жәңгір ханнан кейін тақ үшін талас-тартыстардың болғандығына көз жеткіземіз. Онда «Жәңгірдің орнына әз-Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақи Ғайып ханға кетіп еді» деп айтылады [3, 25]. Автор бұл дерегін қайдан алғандығын көрсетпесе де, ол өте жеңіл түрде айтылған мәліметке жаға-



*Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі*

## **ӘЛМЕРЕК БАБА ЗАМАНЫ** (1658-1756)

**Қ**азақ Елі өзінің бірнеше мыңжылдық тарихында небір аумалы-төкпелі замандар мен дәуірлерді, қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткергені белгілі. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында өз тәуелсіздігін қолына алған Қазақ Елі соңғы 30 жылдай уақыт ішінде ғасырға тең келердей дәуірді басынан кешуде. Осы аралықтағы қазақ қоғамның руханилық бағытта дамуы көз алдымызда өтіп жатыр және осы үдеріске отандық тарихшыларымыз белсене араласуда. Билік те осы үдеріске кең қолдау көрсетіп отыр. Соның бір көрінісіне мемлекетіміздің отандық тарихқа деген ұстанымы мен саясатының ұлттық сипат алуы жатады. Тәуелсіздігіміздің соңғы 20 жылдай уақыты ішінде тек ұлттық тарихымызға тікелей қатысты Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалар жүзеге асырылып, ұлттық рухтың асқақтауына жол салса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың тамыз айында «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде осы бағытты нығыздай түсіп, тарихымыз бен тарихи тұлғаларымыз туралы былай деген болатын: «Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын... Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай, тағы басқа көптеген дара тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі, яғни біздің заманымыздың талабы. Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек» [1].

Батыр хонтайшының үлкен ұлдары – Цецен тайшы мен Цзотба батыр інілері – Сенгені өлтіреді. Сенгенің орнына такка отырған оның кіші інісі – Галданның алғашқы саясаты – ағасы үшін үлкен ағаларынан кек алуға бағытталды. Сондай-ақ ол Жоңғариядағы кейбір тайшылардың дербестігін жоюға, ішкі алауыздықтарды реттеуге, жалпы алғанда, билікті орталықтандыруға күш салады. XVII ғасырдың 70-ші жылдарының соңына таман ғана Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, орталық билікті нығайта алады. Осылайша, ішкі саяси жағдайды ретке келтіргеннен кейін ғана Галдан көрші елдерге көз аларта бастайды [5, 135-170].

Оның басқа көрші елдерге жасаған жорықтары секілді, қазақтарға жорығы XVII ғасырдың 80-ші жылдарынан басталады. Бұл кезде қазақ ханы Тәуке хан болатын. Ал Әлмерек баба болса бұл кезде жиырмадан жаңа асқан жас жігіт еді.

Жастайынан діндар болған Галдан Тибеттегі дін басыларының қолдауына сүйеніп, Далай-ламадан Бошақтухан – «ізгіннетті хан» атағын алады [5, 129]. 1678 жылы ол Шығыс Түркістандағы саяси дағдарысты пайдаланып, аумақты қиындықсыз бағындырады. Ал 1680 жылдан бастап Галдан Бошақту хан Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен аймақтарына жорықтар ұйымдастыра бастайды. Ол туралы 1722-1724 жылдары Цеван Рабданның ордасына барып қайтқан орыс елшісі Иван Унковский былай деп баяндайды: «Осы тауық жылы (1681) ол (Галдан Бошақту хан) қол ертіп жорыққа аттанып, Сайрамды қоршап алды. Ит жылы (1682) жорықтан қайтып оралып, ол Іле өзенінің жағасында қыстап шықты. Доңыз жылы (1683) тағы да Сайрамға аттанды. Жазда Галданның (әскербасы) Рабтан Сайрамды қиратты» [6, 302]. Жоңғарлардың қазақтарға қарсы жасаған бұл ірі жорығы мұсылман авторларының шығармаларында көрініс береді. «Тарих-и амнийя» еңбегінің авторы Мұлла Мұса Сайрами жоңғарлардың Сайрамды алуы туралы былай деп баяндайды: «... Біздің аталарымыздан естігеніміз бен жасы келген кәрі адамдардың айтуына қарағанда, осыдан 200 жылдай бұрын қазіргі Моғолстан жеріндегі хан орнына Іледе Құнтаджи (Хонтайшы) деген қалмақ келеді, оның билігі шығыста Комул мен Баркөлге дейін, батыста – Ташкент пен Сайрамға дейін, оңтүстікте – Карангу-Тагқа дейін созылады. Ол кенеттен жорыққа

шығып, Ташкент Сайрамын басып алып бағындырады да, би-  
ты көмекші етіп қалдырады да, өзі Ілеге қайтып оралады. Сай-  
рамдықтар қалдырылған қалмақтарды өлтіріп, бағынудан бас  
келіп, болған оқиғаның бәрін айтып береді. Құнтаджи Ілеге соқ-  
пай, Сайрамға қайтып оралып, қаланы екінші рет басып алады  
да, тұрғындардың бір бөлігін өлтіріп, қаланы талан-таражға тү-  
сіреді.

Қалмақ басшысы Сайрамның игі жақсы үш тобының әрқай-  
сысынан 20 отбасыдан барлығы 60 отбасын бала-шағасымен,  
қызметшілерімен Ілеге алып кетеді. Оларды Іледе бір жылдай  
ұстап, сосын көне Тұрпанға жібереді...» [7, 486-487]. Баяндау-  
дан көріп отырғанымыздай, шығарма авторының арғы-тегі сай-  
рамдық, оның ата-бабалары деректегі 60 отбасының бірі. Дерек  
мәліметінде айтылғандай, жоңғарларға Сайрамды 2 рет бағын-  
дыруға тура келген. Бұл жылдары Тәуке хан билікке жаңадан  
келіп жатқандықтан, оның жоңғарларға қарсы қояр күші болма-  
ған секілді.

Жалпы, XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар  
қарым-қатынастарындағы ірі соғыстар мен шайқастарға көңіл  
аударсақ, олардың онша көп болмағанын байқаймыз. Екі жақтан  
да жекелеген кішігірім ұрыстардың болып тұрғандығын жоққа  
шығаруға болмайды. Жоңғарлар Сайрам қаласын алып, оны  
қиратқанымен шабуыл бағытын одан әрі тереңдете алмайды.  
Оның басты себебі, қазақтар тарапынан қатты қарсылықтардың  
көрсетілуі жатса керек. Әрине, мұның бәрі Тәуке ханның ұйым-  
дастыруымен болғаны белгілі. Сайрам шайқасынан кейін жоң-  
ғарлар Ош пен Андижан түбінде де қатты қарсылықтарға тап  
болады. Галдан Бошактухан бұдан кейін өзінің әскери қимыл-  
дарын шығысқа қарай бұрып, Шығыс Монғолияның жерін өзіне  
қарату үшін соғыс жүргізеді. Ақыры, ол 1697 жылы наурызда 52  
жасында қытай әскерлерінен жеңіліп, өзін-өзі өлтіреді [5, 208].

1697 жылы Сенгенің ұлы Цеван Рабтан билікке келеді де, қа-  
зақ-жоңғар қатынасындағы жағдай күрт өзгереді. Егерде Тәуке  
ханның билігі тұсындағы екі ел арасындағы қарым-қатынысын-  
дағы кезендерге бөлсек, онда алғашқы кезенге 1680-1697 жыл-  
дар аралығын жатқызуға болады. Бұл кезеңде екі жақты қарым-

катынастан бізге белгілісі 1681-84 жылдардағы Сайрам соғысы ғана. Ал екінші кезеңге 1698 жылдан Тәуке хан қайтыс болған жылға дейінгі аралық жатады. Осы аралықта тек жоңғарлар тарапынан қазақтарға қарсы 1698, 1711-12, 1714, 1715 жылдары ірі жорықтар жасалады [6, 215].

Жаңа хонтайшының қазақтарға қарсы алғашқы соғысы 1698 жылдың өзінде-ақ басталып кетеді. Цеван-Рабданның қазақтарға жорығы барысында ол қазақ жерінің Шу-Талас өзендері өңіріндегі тұрғындарды қырғынға ұшыратып, он мыңдай адамды тұтқынға алып кетеді [8, 12]. Жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылықтары бұдан кейін де жалғасады. Екі жақтан болып отырған ұсақ жорықтарды есептемегенде, жазба деректерде жоңғарлар тарапынан 1711-12, 1714 жылдары жаңа соғыстардың болғандығы айтылады.

Жоңғарлардың жекеленген өңірлерді ғана тонауға ұшыратқаны болмаса, қазақ елін толық бағындыруға, иеленуге бағытталған жорықтарына Тәуке хан тойтарыс беріп отырады. Тәуке хан тұсында қазақ қоғамында жүргізілген саяси-әкімшілік және құқықтық өзгерістер нәтижесінде қазақ елі өзінің қорғаныстық қабілетін көрсете біледі. Көптеген қазақ батырлары осы кезде ел үшін, жер үшін жан аямай жоңғарлармен соғысады, тіпті кей кездерде өздері бірігіп, жоңғарлардан кек алу үшін оларға қарсы жеңісті жорықтар ұйымдастырады. Олардың қатарында Ұлы жүз Албанның батыры Әлмерек батырдың болғаны белгілі.

Тарихи тұлға – Әлмеректің ауыз әдебитінің материалдарында әрі батыр, әрі абыз, әрі баба деп аталынуы оның өмірінің кезеңдерін көрсетсе керек. «Белгісіз» жылдар кезеңінде 20 жастағы сарбаз көптің бірі болса, Тәуке хан заманындағы жоңғарларға қарсы күрестерде әбден ысылған, тәжірибелі сарбаздан тайпаның не жүздің қолын бастар батырға айналады.

Тәуке ханнан кейін хандық тарихында орталық билік жойылып, бытыраңқылық дәуір басталады. Осы кезден бастап жоңғарлардың жорықтары да күшейеді. Ел мен жерді қорғау ісі көбінесе батырлардың басты міндетіне айналады.

Осы кезеңде 60-ты алқымдап қалған Әлмерек батыр өзінің жеке басындағы қасиеттері мен қабілеттерінің арқасында абыз атана бастайды. Абыз сөзі – арабтың хафиз сөзінің қазақша айтылуы, мағынасы – Құранды жатқа айтушы, көптеген хадистер-

ді білуші және түсіндірушіні дегенді білдіреді. Ал қазақ халқында абыз сөзі – Құранмен, хадистермен қатар, барлық дәстүрді, әдет-ғұрыптарды білуші, оларға түсініктеме беруші адамды айтқан. Қазақ түсінігінде абыз – қазақ қоғамында дін жағынан да, дәстүр жағынан да ең білімді, ең парасатты, ең сауатты адам болып саналған. Әлмерек батырдың осындай қасиеттерге ие болуы, әсіресе, көріпкелдік және ерекше киелі қасиеттері оны батырлығымен қоса, абыз атандырса керек.

Ауыз әдебиетінде Әлмерек бабаның асыл қасиеттері туралы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Тіпті оны қазақтың көптеген батырларын тәрбиелеуші, батасын берген деген әңгімелер көп таралған.

Хандық тарихындағы бытыранқылық кезеңнің «Ақтабан шұбырынды», «Аңырақай», «Екінші Ақтабан» деп аталатын оқиғаларында Әлмерек бабаның жасы 60-80 жас аралығында болады. Бұл кезеңде Әлмерек абызға жасының үлкендігіне қарай баба атауы қосыла бастаған секілді. Өйткені баба сөзінің белгілері – батырлығымен, қолбасшылығымен, білімділігімен, киелі деп танылуымен, көріпкелділігімен, болжағыштығымен елге танымал болған, жасы ұлғайса да халқына рухани адал қызмет жасаған адамға берілетіні белгілі.

Қазақ-жоңғар қатынасы тарихында 1745 жылдан бастап белсенділік қазақтар жағына өтеді де, керісінше Жоңғариядағы саяси жағдайларға байланысты оның қуаты әлсірей бастайды. Осы кезден бастап қазақ жерлерін азат ету ісі жүргізіледі. Бұл кезде Әлмерек баба жасы сексеннен асып, тоқсанға таяп қалады. Оның батасымен талай батырлар рухтанып, жеңісті жорықтарға аттанады, жауын жеңе бастайды. Әрине, олар өз жеңістерінің барлығын Әлмерек бабаның ақ батасынан деп ұғынады. Сөйтіп халық жалында Әлмерек баба рухымен, батасымен жоңғарларды жеңген тұлға болып саналады. Албан тайпасының ортақ ұранына айналған Райымбек батыр жас шағында Әлмерек бабадан бата алған делінеді ауыз әдебиетінің материалдарында.

Қорыта келе айтарымыз, ел аузында есімі мәңгіге сақталған Әлмерек бабаның бүкіл ғұмыры хандық дәуірдің күрделі кезеңдерінде ел мен жерді қорғау жолында өтеді, тіпті, қартайған шағында батырларды рухтандырып, ақ батасымен жол көрсетеді. Мұндай тұлғалар қашанда елмен бірге демекпіз.

## Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н., «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру». 12 сәуір 2017 жыл. // <http://www.akorda.kz>.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзі. 24 тамыз 2019 жыл. //
3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-казак һәм хандар шежіресі. Алматы, Қазақстан; Сана, 1991.
4. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М Козыбаева). – Алматы, «Санат», 1996, С. 165.
5. Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. 1635-1758. Издание второе. Наука, М., 1983.
6. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. II том. Алматы, 1983.
7. Тарих-и амнийа. //Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата, Наука, 1969.
8. Моисеев В. А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке. Барнаул, 1998.